

Тақырыбы:

Ана тілі-жүрек

үні

(зияткерлік

сайыс)



- **Сабақтың ұраны:**
- **Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,**
- **Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.**
- **Қай елде жүрсең де бұл дұрысы-**
- **Мемлекеттік тілді білген жөн болар.**

Бүгінгі сайысымыз 7 кезеңнен тұрады.

1-кезең Таныстыру, сәлемдесу

2-кезең “Зымыран сұрақтар”

3-кезең “ Жеті жұрттың тілін біл”

4-кезең “ Ойлы болсаң , озып көр”

5-кезең “ Аталар сөзі-ақылдың кені”

6-кезең “Кім көп сөз біледі?”

7- кезең “Тұлғаны тап”



*Топтың аты, ұраны:
I- топ аты “Тұлпар”
Ұраны “Жүзден жүйрік,
мыңнан тұлпар”*

*II-топ аты “Домбыра”
Ұраны “Бабамның үні,
бабамның үні-домбыра”*

I топтың сұрақтары

- 1. Қазақ тіліне тән дыбыстар неше?*
- 2. Қазақтың алғаш әліппесін жазған кім?*
- 3. Фонетика нені зерттейді?*
- 4. “Қас пен көздің арасында “сөзінің мағынасы*
- 5. Көптік жалғауын атаңыз?*
- 6. Қазақ тілінде неше септік бар, атаңыз?*
- 7. Еліктеу сөздер мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?*
- 8. Есімшенің жұрнақтарын атаңыз, мысал келтіріңіз?*
- 9. “Фразеологизм” сөзінің баламасын табыңыз?*
- 10. “Ақ киізге көтерді” сөзі қандай мағына береді?*
- 11. Көп тіл білетін адам кім?*
- 12. “Үш бәйтеректі” ата?*
- 13. Қазіргі өмір талабына қойылатын тілдер.*
- 14. Шортанбай Қанайұлының қандай шығармасын өттік?*
- 15. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын атаңыз?*

II топтың сұрақтары

1. Сөздің ең кіші бөлшегін атаңыз?
2. Жалғаудың түрлерін ата?
3. "Лексика" саласы нені зерттейді?
4. Қазақ тілінде неше сөз табы бар, атап беріңіз?
5. "Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас" тақырыбы не туралы?
6. Көсемшенің жұрнақтарын атаңыз және мысалдар келтіріңіз?
7. "Аузы алты қарыс" тұрақты тіркестің мағынасын табыңыз?
8. "Әліпби" сөзі қай тілден енген?
9. Қосымша неше түрге бөлінеді?
10. Үндестік заңы неше түрге бөлінеді?
11. "Бес арысты" атаңыз?
12. Айтыстың түрлерін атаңыз?
13. Сүйінбай ақын кіммен айтысты?
14. Шортанбай Қанайұлының өмір сүрген жылдары?
15. Жамбыл Жабаевтың шығармаларын атаңыз?

“Жеті жұрттың тілін біл” жұмбақтар шешу

1. Бөлінгенді табыстырып,
Біріктірсе қабыстырып.
Жымдастырған жігінде,
Байқамайсың түгінде.

желім-клей-paste

2. Шәкіртке жанашыр,
Мейірман кім, жаны асыл.

ұстаз-учитель-teacher

3. Үнемі аузымда бұлтыңдайды,
Бірақ жұтылмайды.

тіл-язык-language

4. Бір үйге көзсіз боп кіресің,
Бұл үйден көреген боп шығасың.

мектеп-школа-school

5. Тілден ұшып, құлаққа қонады.

сөз-слова-word

6. Қозғалмастан бір елі, күні бойы жүреді.

сағат-часы-watch

7. Таңмен көзін ашады,
әлемге нұрын шашады.

күн-солнце-sun

8. Ілулі тұр кең алаң,
Керегімді мен одан.
Жазып алам көшіріп,
Сүртем сосын өшіріп.

тақта-доска-blackboard

9. Бір санға өсірді,
Өзі қалып орнында.
Бізді алға көшірді.

сынып-класс-classroom

10. Тақия толған сөк,
Таң атқанда жоқ.

жұлдыздар-звезды-stars

11. Айдалада ақ отау
Аузы, мұрны жоқ отау.

жұмыртқа-яйцо-an egg

12. Тұрады ылғи сөреде,
Іші толы өнеге.



кітап-книга-a book

Қоржын сұрақтары





ТӨРТ ТҮЛІК



“Кім көп сөз біледі?”

Берілетін сөз:

“Қанағаттанарлық”



Жиѐмбет жырау



Сүйінбай Аронұлы